

"Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 990 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 12, 86-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде:
59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«59. Бюджет комиссиясының шешімі негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджет қаражатының қалдықтары есебінен тиісті бюджеттік бағдарламалардың жылдық жоспарлы тағайындауларын арттыру жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган қаулысының жобасын әзірлейді және оны белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе тиісті жергілікті атқарушы органның әкімдігіне енгізеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның бюджет қаражатының қалдықтары есебінен тиісті бюджеттік бағдарламалардың жылдық жоспарлы тағайындауларын ұлғайту жөніндегі қаулысының жобасында ағымдағы нысаналы трансферттер бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде, нысаналы даму бағдарламалары – инвестициялық жобалар бөлінісінде көрсетіледі.» ;

143-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«143. Бюджетке түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті органдар өздері әкімшілік ететін түсімдердің мониторингін жүзеге асыру үшін жазбаша өтініштің негізінде аумақтық қазынашылық бөлімшелерінен төлеушілер бөлінісінде түсімдер туралы ақпаратты бюджет түсімдерінің сыныптамасының

к о д ы

б о й ы н ш а

а л а д ы .

Уәкілетті органдардың тиісті есепке алуды, бақылау мен мониторингі, сондай-ақ артық төленген, қате немесе дұрыс түспеген түсімдердің сомасын қайтаруды немесе оларды бюджетке берешекті өтеу есебіне есептеуді жүзеге асыруы үшін бюджет түсімдері сыныптамасының коды бойынша әкімшілік айыппұлдар түсімдері туралы ақпаратты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі ай сайын, есептіден кейінгі айдың бірінші күніне осы Ереженің 116, 117-қосымшаларына сәйкес 2-14 «Бір айдағы түсімдерді жинау жөніндегі есеп», 2-43 «Бюджет сыныптамасының коды бойынша түсімдер» деген нысандар бойынша қалыптастырады, кейіннен өздерінің аумақтық және/немесе құрылымдық бөлімшелерінің назарына жеткізуі үшін есептіден кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей орталық мемлекеттік органдарға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

Көрсетілген ақпаратты бюджетке түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті орган осы Ереженің 59-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бюджетке түсетін түсімдерді тіркеу журналына жазады.»;

150-тармақтың төртінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«1) тауарларды сатып алған, жұмыстарды орындаған, қызметтер көрсеткен жағдайларда, орындалған жұмыстардың шот-фактурасының, хабарлама шотының, шотының, актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттың;»;

190-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«190. Мемлекеттік мекеме:

мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету кестесінің сақталуын;
төлеуге берілетін шотты ұсыну заңдылығы мен негізділігін;
төлеуге берілетін шотта көрсетілген деректемелердің дұрыстығын;
ақша алушылардың пайдасына төлемдерді жүзеге асыру бойынша міндеттемелердің дер кезінде және толық орындалуын;
жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес тауарлардың, орындалған жұмыстардың және (немесе) көрсетілген қызметтердің жеткізілуін растаудың д ұ р ы с т ы ғ ы н ;

аумақтық қазынашылық бөлімшесіне тауарларды сатып алу не жеткізу кезінде – шот-фактураның, тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың көшірмесін, актілер жасалмайтын қызметтерді қоспағанда, жұмыстарды немесе қызметтерді орындау кезінде – орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтер актісінің көшірмесін немесе тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша аванстық төлемнің сомасын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрін беруді;

ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды және олар бойынша жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы даярлау құны шарт құнына енген басқа да объектілерді жөндеуге байланысты шығыстар бойынша аванстан кейінгі төлемді жүргізу кезінде жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысының көшірмесін ұсынуды қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жауапты болады.

Мемлекеттік мекеме негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алу үшін республикалық немесе коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыру бойынша төлем жүргізу кезінде, аванстық төлем сомасын қоспағанда, аумақтық қазынашылық бөлімшесіне шот-фактураның, тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың көшірмесін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік мекемеге берген өзге құжат түрінің көшірмесін береді. Бұл ретте көрсетілген құжаттардың әрбір парағы мемлекеттік мекеменің түпнұсқалық мөрінің бедерімен расталады және әр парағына орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері белгіленген тәртіппен өзіне жүктелген лауазымды адамның), ал ондайлар болмаған жағдайда - мемлекеттік мекеме басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның қолы қойылады.

Бұрын мемлекеттік кәсіпорындар жасасқан, аяқталып келе жатқан ұзақ мерзімді шарттар бойынша ғимараттар мен құрылыстарды салу үшін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың құрылыстарын, ғимараттарын қалпына келтіру және күрделі жөндеу жүргізу үшін, республикалық немесе коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыру бойынша аванстық төлем сомасын қоспағанда, төлем жүргізу кезінде мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер актісінің көшірмесін не Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік мекемеге берген өзге құжат түрінің көшірмесін ұсынады.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген құжаттардың әрбір парағы мемлекеттік мекеменің түпнұсқалық мөрінің бедерімен расталады және әр парағына орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (орталық атқарушы орган жауапты хатшысының өкілеттіктері белгіленген тәртіппен өзіне жүктелген лауазымды адамның), ал ондайлар болмаған жағдайда - мемлекеттік мекеме басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның қолы қойылады»;

199-тармақтың бірінші бөлігінің отыз сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Төлемнің мақсаты» ашық жолағында: төлемнің мақсаты, құжаттың атауы,

нөмірі мен күні (шот фактуралар немесе тауарларды жеткізу туралы жүккұжат (акт) немесе орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі немесе оның негізінде тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа құжат) және қосымша:»;

211-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«211. Аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарт талаптарына сәйкес төлемдерді жүргізу үшін мемлекеттік мекеме қағаз тасығышта төлеуге берілетін шоттардың тізілімін, төлеуге берілетін шоттарды және:

тауарларды сатып алу не жеткізу кезінде – шот-фактураның, тауарларды жеткізу туралы жүккұжаттың көшірмелерін, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде – акт жасалмайтын қызметтерді қоспағанда, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер актісінің көшірмесін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге құжат түрінің (бұдан әрі – растаушы құжаттар) көшірмесін, сондай-ақ шарт құнына ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайлардың, ғимараттардың, құрылыстардың, жолдардың және басқа да объектілердің күрделі жөнделуіне байланысты жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын даярлау құны енген шығыстар бойынша аванстық төлемнен кейінгі төлемді жүргізу кезінде қосымша жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысының көшірмесін;

шетел валютасында төлемдер жүргізу кезінде шетел валютасын сатып алу үшін төлеуге берілетін шоттарды ұсыну кезінде шетел валютасын айырбастауға ө т і н і м д і ;

осы Ереженің 81-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қоса қаржыландыру қаражатын немесе байланысқан гранттарды жұмсаған кезде үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысқан гранттар бойынша қоса қаржыландыру қаражатын а л у ғ а ө т і н і м д і ұ с ы н а д ы .

Төлем жүргізу кезінде «Қазынашылық - клиент» АЖ тіркелген шарт талаптарына сәйкес мемлекеттік мекеме осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған, мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің цифрлық қолтаңбасы қойылған сканерленген құжаттарды қамтитын файлдарды қоса бере отырып, төлеуге берілетін шоттың электрондық үлгісін толтырады.

Шетел валютасында төлемдер жүргізген кезде «Қазынашылық - клиент» АЖ тіркелген шарт талаптарына сәйкес мемлекеттік мекеме Ереженің осы тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, шетел валютасына айырбастауға арналған өтініммен төлеуге берілетін шоттың электрондық үлгісін қ а л ы п т а с т ы р а д ы . » ;

215-тармақтың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда

ж а з ы л с ы н :

«тауарларды сатып алу не жеткізу кезінде – шот-фактуралардың, тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың көшірмелері, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде – акт жасалмайтын қызметтерді қоспағанда, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер актісінің көшірмесі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге құжат түрі (бұдан әрі – растаушы құжаттар);»;

241-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«241. Инкассолық өкімді орындау мыналардың: оны мемлекеттік мекеменің кодына қойған жағдайда, ағымдағы қаржы жылының қабылданбаған міндеттемелері бойынша жоспарлы тағайындау сомасы . Сондай-ақ мемлекеттік сатып алу бойынша үнемдеуді қоса алғанда, бюджеттік бағдарлама бойынша бюджет қаражатының қолда бар үнемі инкассолық өкімді орындауға жіберіледі;

оны мемлекеттік мекемелердің өздерінің билігінде қалатын тауарларды сатуынан түсетін ақшаны есептеуге және олардың есебінен шығыстар жүргізуіне байланысты операцияларды есептеу үшін арналған ҚБШ-ға шығарған жағдайда, қабылданбаған міндеттемелер бойынша жоспарлы тағайындау сомасының және мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатуынан түсетін ақшаның;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес оны мемлекеттік мекемелер үшін демеушілік, қайырымдылық көмектен алатын ақшаны есепке жатқызумен және жұмсаумен байланысты операцияларды есепке алуға арналған ҚБШ-ға қойылған жағдайда, демеушілік, қайырымдылық көмек ақшасының қалдығы есебінен жүргізіледі.»;

245-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«245. Мемлекеттік мекеме хабарлама хатты алып, инкассолық өкім түскен күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей инкассолық өкім деректері негізінде төлеуге берілетін шотты қалыптастыру және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсыну жолымен инкассолық өкімнің орындалуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік мекеме мемлекеттік сатып алу бойынша үнемдеуді қоса алғанда, қабылданбаған міндеттемелер мен бюджеттік бағдарлама шығыстарын үнемдеу бойынша жоспарлы тағайындау сомасы жетіспеген немесе болмаған жағдайда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін инкассолық өкім қойылғаны туралы хабардар етеді және инкассолық өкімді орындауды аумақтық қазынашылық бөлімшесінде инкассолық өкім тіркелген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі осы Ережеде белгіленген тәртіппен басқа ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің пайдаланылмаған жоспарлы

тағайындауларын азайту есебінен инкассолық өкім шығарылған мемлекеттік мекеменің жоспарлы тағайындауларын арттыру рәсімдерін жүзеге асырады.

Инкассолық өкімді орындау 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде қамтамасыз етілмеген жағдайда, қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі осы Ереженің 242-тармағы 2) тармақшасының екінші – сегізінші абзацтарында көзделген шығыстар БСК және жеке тұлғаларға трансферттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, барлық бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша операцияларды тоқтата тұруды жүзеге асырады.»;

246-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«246. Инкассолық өкімді алған және мемлекеттік мекемеде мемлекеттік сатып алу бойынша үнемдеуді қоса алғанда, қабылданбаған міндеттемелер мен бюджеттік бағдарлама шығыстарын үнемдеу бойынша жоспарлы жұмсалым сомасы болмаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі, егер заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, алынған инкассолық өкімдерді алуға және ағымдағы қаржы жылы ішінде сақтауға міндетті.»;

247-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«247. Ағымдағы қаржы жылының міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына инкассолық өкімді орындау және төлемге берілген шоттарды рәсімдеу үшін жеткілікті сомаға өзгерістер енгізілгеннен кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы мемлекеттік мекемелердің қызметін қамтамасыз ету жүзеге асырылатын бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша операцияларды қайтадан жаңартуды жүзеге асырады .

Инкассолық өкімді қайтарып алынған жағдайда да мемлекеттік мекеме бойынша операцияларды қайта жаңарту жүргізіледі.

Операцияларды қайта жаңарту аумақтық қазынашылық бөлімшесінің мемлекеттік мекемелердің қызметін қамтамасыз ету жүзеге асырылатын бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) пайдаланылмаған қалдықтары есебінен мемлекеттік мекеменің құжаттарын қабылдауды және орындауды қайта жаңартуды көздейді .

Сот орындаушысы инкассолық өкімді кері қайтарып алған кезде қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі өндіріп алушының инкассолық өкімді кері қайтарып алу туралы өтініші болған не «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңының 59-бабында белгіленген өзге жағдайларды көрсеткен кезде инкассолық өкімді қайтарады.»;

252-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«252. Ақылы қызметтер ҚБШ не демеушілік, қайырымдылық көмек ҚБШ бойынша операцияларды қайта жаңарту инкассолық өкім орындалғаннан не

инкассольқ өкім кері қайтарып алынғаннан кейін жүзеге асырылады.

Сот орындаушысы инкассольқ өкімді кері қайтарып алған кезде қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі өндіріп алушының инкассольқ өкімді кері қайтарып алу туралы өтініші болған не «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңының 59-бабында белгіленген өзге жағдайларды көрсеткен кезде инкассольқ өкімді қайтарады.»;

256-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«256. Аумақтық қазынашылық органына инкассольқ өкім ұсынылғанға дейін мемлекеттік мекеменің атқарушы құжатты өздігінен орындауы ол белгілеген мерзімдерде төлеуге берілген шоттың негізінде 155 «Атқарушы құжаттарды, сот актілерін орындау» бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының ерекшелігі бойынша жүзеге асырылады.

Атқарушы құжатты өздігінен орындау кезінде тартылатын заңгерлердің, консультанттардың қызметтеріне ақы төлеу, мемлекеттік баж төлеу Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының бюджет шығыстары экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша жүзеге асырылады.»;

257 - б а п т а :

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Жергілікті атқарушы органдарға жаңа бюджеттік инвестициялық жобаларды енгізу өңірлік және жаһандық сипаттағы табиғи және техногендік төтенше жағдайларды жоюға байланысты жағдайларды қоспағанда, бір бюджеттік бағдарлама шегінде жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттерінің есебінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың сомасын бюджеттік инвестициялық жобаның сметалық құнын арттырумен байланысты шығыстарға, сондай-ақ жаңа бюджеттік инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қайта бөлуге тыйым салынады.»;

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Ағымдағы қаржы жылында бір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) шеңберінде және бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, бір ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) шегінде жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша бюджет қаражатын үнемдеу пайда болған жағдайда жергілікті атқарушы органдарға осы тармақтың төртінші бөлігін қоспағанда, аталған соманы үш жылдық бюджеттің жоспарлы кезеңінде көзделген жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағыттауға,

сондай-ақ:

Республикалық бюджет комиссиясының қарауынсыз республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісімен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі

орталық уәкілетті органмен келісім бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының; тиісті бюджет комиссиясының қарауынсыз облыстың жергілікті атқарушы органымен келісім бойынша аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының соманы ағымдағы қаржы жылында жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар арасында көшіруді жүзеге асыруына рұқсат беріледі.»;

осы қаулының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес 116 және 117-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
2011 жылғы 31 тамыздағы
№ 990 қаулысына

1-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне

116-қосымша
2-14-нысан
Есеп жүргізілді: XX XX XXXX
Беті X-тан X

Бір айда түскен түсімдерді жинау жөнінде есеп
Ағымдағы кезең: XX XXX Ағымдағы күн: XX XX XXXX

В а л ю т а с ы : К Z T

Ерекшелік:

Ерекшелік	Бюджетке түсімдер			Бюджеттен қайтарылымдар			Ауыстырылымдар	
	Мемлекеттік	Республикалық	Жергілікті	Мемлекеттік	Республикалық	Жергілікті	Мемлекеттік	Респуб.

Республика бойынша жиыны:

Жауапты орындаушы _____

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2011 жылғы 31 тамыздағы
 № 990 қаулысына
 2-қосымша
 Бюджеттің атқарылуы және
 оған кассалық қызмет
 көрсету ережесіне
 117-қосымша
 2-43-нысан
 Есеп жүргізілді: ХХ ХХ ХХХХ
 Беті Х-тан Х

Бюджет сыныптамасының коды бойынша түсетін түсімдер

Өңір :

Кезең :

Өлшем

бірлігі :

Түсімдер коды:

Кіріс қалдық:

Төлемнің тағайындалуы	Төлем тапсырмасының нөмірі	Төлем тапсырмасының күні	Салық төлеушінің СТН	Салық төлеуші банктің коды	ЖСК	БСК	Сомасы

Шығыс қалдық:

Жауапты орындаушы _____

М.О.